«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Т. Рысқұлов ауданы,
Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі 76
тел.: 2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ
ОБРАЗОВАНИЯ РАЙОНА
Т. РЫСКУЛОВА УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

Район Т. Рыскулова,
село Кулан, улица Жибек жолы 76
тел.: 2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

14.10.2026 № 14-02-1923

**Т.Рысқұлов ауданының білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарының директорларына**

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының 2026 жылғы 12 қазандағы №03-4602 хатына сәйкес, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 2026 жылғы 26 тамыздағы №02-01-26-51608 хатын орындау мақсатында кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру қажеттігін хабарлайды.

Қыркүйек–желтоқсан айларында жоспарланған «Учаске» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында өгей әкелерімен бірге тұратын кәмелетке толмаған балалардың отбасыларына үй-үйді аралау арқылы тексеру жүргізіп, олардың тұрмыстық жағдайын зерделеу және тиісті актілер рәсімдеу жұмыстарын ұйымдастыру қажет.

Осыған байланысты, мектептеріңізде аталған санаттағы кәмелетке толмаған балаларды анықтау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ата-аналарымен профилактикалық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу және қажет болған жағдайда тиісті уәкілетті органдармен бірлескен іс-қимылды ұйымдастыру тапсырылсын.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижелері туралы ақпаратты 2026 жылғы 17 қазанға дейін psihologiyalyq.qoldau.ortalyghy@yandex.kz электрондық поштасына жолдауларыңызды сұраймыз.

*Қосымша: 3 парақ.*

**Басшының міндетін уақытша атқарушы** **А.Базаркулова**

*Орындаған:Т.Тұңғышбаева*
*Тел:87714177067*

Документ

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БАС ПРОКУРАТУРАСЫ

010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

ГЕНЕРАЛЬНАЯ
ПРОКУРАТУРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

26.08.2026 № 2-01-26-51608

**Қазақстан Республикасы**
**Ішкі істер министрлігі**

**Қазақстан Республикасы**
**Оқу-ағарту министрлігінің**
**Балалардың құқықтарын**
**қорғау комитеті**

**Облыс және оларға**
**теңестірілген прокурорларға**

*кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың*
*алдын алу жөніндегі профилактикалық іс-шараларды өткізу туралы*

Соңғы жылдары мемлекетте ерекше алаңдаушылық туғызып отырған мәселелердің бірі агрессивті мінез-құлықтың кең таралған түрлерінің бірі болып табылатын отбасындағы зорлық-зомбылықтың әртүрлі нысандары.

2023 жылдан бері құқыққа қайшы қол сұғушылықтардан **10 мыңнан** астам кәмелетке толмаған зардап шеккен (2023ж. – **2 452**, 2024ж. – **3 356**, 2025ж. – **3 392**, 2026ж. 7 айында – **2 192**), оның ішінде **3 мыңға** жуық бала сексуалдық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған (2023ж. – **876**, 2024ж. – **874**, 2025ж. – **820**, 2026ж. 7 айында – **577**).

Сексуалдық сипаттағы қылмыстар баланың психикалық, адамгершілік және жыныстық дамуына аса теріс әсер етеді және жоғары латенттілікпен сипатталады, соның салдарынан ресми статистика нақты жағдайды толық көлемде көрсетпейді.

Жасына байланысты жәбірленушілер көбінесе болған жағдай туралы өз бетінше хабарлай алмайды не психологиялық қысымда болып және қылмыскерден қорқып, зорлық-зомбылық фактілерін жасырады.

Бұл ретте мұндай балаларға қатысты тұрмыста зорлық-зомбылық пен қатыгез қарым-қатынастың өзге де нысандарының жасалу тәуекелдерін жоққа шығаруға болмайды, бұл отбасындағы қолайсыз жағдайды уақтылы анықтауды және алдын алу шараларын қабылдауды талап етеді.

Мұндай қылмыстардың елеулі бөлігінің баланың жақын ортасындағы адамдармен жасалуы ерекше алаңдаушылық туғызады.

"ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
"Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
КІРІС № 1932
13. 10 2026 ж.

Документ подготовил: Әзімов Есет Нұрланкелдыұлы, 7171179@prokuror.kz
Документ подписал: Акылбеков Даулет Ертаевич, 26.08.2026 14:44:47
ИС «Қадағалау» 20171213

**Анықтама үшін:** кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық әрекеттерін өгей әкелері – **294**, әкелері – **139**, көршілері – **150**, туыстары – **109**, ағалары – **23**, аталары – **21** жасаған.

Дәл осындай жағдайларда балалар қылмыскер тарапынан тұрақты психологиялық қысым мен қорқыту жағдайында бола отырып, ұзақ уақыт бойы сексуалдық зорлық-зомбылыққа және зорлауға ұшырауы мүмкін, соның салдарынан бұл туралы айналасындағыларға айтуға батылы бармайды.

Мұндай қылмыстарды анықтау **көбінесе кездейсоқ сипатта болады**: фактілер анасы, педагог (тәрбиеші) не өзге де адамдар баланың денесіндегі жарақаттарды анықтағаннан, жүктілігі белгілі болғаннан немесе ықтимал зорлық-зомбылықты көрсететін өзге де мән-жайлар анықталғаннан кейін белгілі болады.

Бас прокуратура әртүрлі ақпараттық жүйелердің мәліметтерін пайдалана отырып, **өгей әкелерімен бірге тұратын, оларға қатысты қолда бар тәуекел факторларын ескере отырып**, атаулы профилактикалық жұмыс жүргізуді қажет ететін қыздардың тізімін қалыптастырды.

Қазіргі уақытта елімізде **58 мыңнан** астам бала некесі ресми тіркелген отбасыларда өгей әкелерімен бірге тұрады.

«Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңның 13-бабының 2-тармағына сәйкес ішкі істер органдары халықпен құқық бұзушылық профилактикасы саласында профилактикалық және ақпараттық-құқықтық жұмыс жүргізеді.

Учаскелік полиция инспекторы бекітілген әкімшілік учаскенің ерекшеліктерін зерделеу, халықпен сенімді қарым-қатынас орнату, азаматтарға көмек көрсету және құқыққа қайшы әрекеттердің жолын кесу арқылы қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етеді, сондай-ақ әкімшілік учаскені күнделікті аралау арқылы маңызды ақпарат жинауды жүзеге асырады (ІІМ-нің 29.12.2015ж. № 1095 бұйрығы).

Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 30.01.2026ж. бірінші отырысында аумақтық комиссияларға тәжірибелі педагогтер, психологтар, ішкі істер, білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау органдары өкілдерінің қатарынан жұмыс топтарын құру тапсырылды.

Осыған байланысты қыркүйек-желтоқсан айларына жоспарланған **«Учаске» жедел-профилактикалық іс-шарасы** (бұдан әрі – ЖПШ) шеңберінде аталған жұмыс топтарының мүшелерін тарта отырып, балалар өгей әкелерімен бірге тұратын отбасыларды үй-үйді аралау арқылы тексеруді, тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын зерттеудің тиісті актісін жасаумен ұйымдастыру қажет.

Барулар барысында психологтар мен әлеуметтік педагогтер баланың эмоционалдық жай-күйі мен мінез-құлқына, оның отбасы мүшелерімен қарым-қатынасының сипатына, қорқыныш, тұйықтық, психологиялық қысым белгілерінің не қосымша зерделеуді талап ететін өзге де мән-жайлардың болуына ерекше назар аударуы қажет.

Үшінші мекенжайға аумақтық полиция департаменттері өткізетін «Учаске» ЖПІШ шеңберінде жұмыс топтарының қызметін үйлестіруді және бақылауды қамтамасыз ету тапсырылады.

Осы жұмысты ұйымдастыру кезінде **баланың өгей әкесімен бірге тұру фактісіне қолайсыздықтың дербес факторы ретінде назар аударуға жол берілмесін**.

Барып тексеру отбасылармен жалпы профилактикалық жұмыс шеңберінде, құпиялылықты, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтай отырып, отбасыларды іріктеу негіздерінің жария етілуіне, оларды стигматизациялауға және негізсіз қоғамдық резонанстың туындауына жол бермей жүргізілуі қажет.

Жүргізілген жұмыстың нәтижелері туралы ақпаратты «Учаске» ЖПІШ аяқталғанға дейін **ай сайын 20-күні** ұсыну қажет.

Қосымша: тізім электронды нұсқада.

**Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің**
**заңдылығын қадағалау**
**және құдалау қызметінің бастығы** Д. Ақылбеков

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы\Исмаилова А.К.

орынд. Е. Әзімов, О. Хамитов
тел. 8-702-459-47-40, 8-702-547-39-35